

Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 1 сәуірдегі N 2164 . Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Бірыңғай мемлекеттік ұлт саясатын жүргізу және республикада қолданылып жүрген барлық тілдерге деген құқықтық кепілдік пен құрметтеушілікті қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы таратылатын Тіл комитетінің негізінде Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықтан туындайтын қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

3. Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті